

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

подобных продуктов в повседневной жизни и их расширенными преимуществами над традиционными.

Следовательно, согласно результатам анкетирования группы студентов 2-го курса специальности «Дизайн» Евразийского национального университета, технология дополненной реальности существенно расширяет возможности восприятия визуальной информации. В качестве инструмента для демонстрации дизайн-проектов, а также мультимедиа-контента использование данной технологии позволяет наглядно продемонстрировать как простые, так и сложные объекты дизайн-моделирования в реальном времени, а использование современных средств коммуникации - расширить географию использования ограниченную лишь доступом к интернету и мощностью устройства отображения.

Таким образом, современная визуализация данных позволяет достижению качественно-нового уровня передачи информации посредством дополненной реальности в туристической сфере.

#### **Список использованных источников**

1. Аронов В.Р. Современная теория дизайна. Российская академия художеств. Научно-исследовательский институт теории и истории изобразительных искусств – 2009 г. №5. 318 с.
2. Указ Президента № 1096 от 17.05.2003 г.
3. Lynell Burmark. *They Snooze, You Lose: The Educator's Guide to Successful Presentations*. Published May 17th 2011 by Jossey-Bass. ISBN: 978-0-470-90290-5. 320 p.
4. В.А.Копылов. Информационное право. 2-е изд., перераб. И доп. – М.: Юристъ, 2002. – 512с.

ӨОЖ 72.05

### **ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ДИЗАЙН ӨНЕРІНДЕГІ КЕСКІНДЕМЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫ**

**Шүкіржан Жаннұр Танатқызы**

[janka\\_11\\_95@mil.ru](mailto:janka_11_95@mil.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ сәулет-құрылыс факультеті  
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан.

**Түсіпбекова Шолпан Мұқаметқанқызы**

[tusupbeckova@yandex.ru](mailto:tusupbeckova@yandex.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ сәулет-құрылыс факультеті  
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының аға оқытушысы, Астана,  
Қазақстан.

Кескіндеме - өзіне еліктіріп әкететін, өнер әлеміндегі орасан зор, ол адамзат дамуының таң шапағатында, біздің тарихтан бұрынғы ата – бабаларымыздың үңгірінде дүниеге келді. Сан ғасырлар бойына суретшілердің басшылыққа алған идеялары, олардың ұмтылыстары өзгеріп отырды, бір стильдің орнын екінші стиль басты. Бірақ бәрібір кескіндеме жасап, дами берді. Дәл осы жерде айта кету керек әсіресе Дизайн саласына кескіндеме аса қажет. Және жақсы жолға қойылған, өзінше дамып келеді. Бүгінгі күнде қарқынды дамып сұранысқа қажетті болып тұрған мамандықтардың бірі осы дизайн болғандықтан, біз бәр күшімізді осы кескіндемеге салуымыз қажет, өз деңгейінде білім алушыға үйретуіміз қажет. Үйткені ол сәулеттік дизайн мамандығында оқитындарға жобалауда яғни түспен клаузура жасауға, интерьер сәнін келтіретін картина жазуға, ал графикалық дизайн мамандықтарында оқитындар жарнама бұйымдарының эскиздерін алдымен қолмен түсте орындайды. Сондықтан кескіндеме дизайнерлерге де аса қажет өнер түрі болып табылады.

Кескіндеме әрі бай, әрі күрделі, оның бағалылығы адамның арқасында ертеден қалыптаса бастаған. Кескіндеменің ертедегі туындыларын өнер зерттеушілері зар үңгір қабырғаларынан тапқан. Онда аңшылық, жануарлар өте керемет бейнеленген. Осы кезден бастап қабырғаға бояумен сурет салу пайда болған. Ол монументалды кескіндемеге сәйкес келеді.

Кескіндеме – бұл нәрсені эстетикалық тұрғыда бейнелейтін бейнелеу өнері. Кескіндеме өнерлердің ішінде неғұрлым бай әрі кемел түрі, онда бейнелеудің сан алуан құралдары қоданылады. Бұнда нақтылы көрсетілетіндіктен, оның көрерменге әсері өте көп. Басқа өнердің арасында кескіндеме кескіндемешінің қырағы көзі шалғанның бәрін мейлінше толық бере алады. Сан жүздеген жылдар бойы ол табиғаттан үйреніп, дүниені қызықты ететіннің бәрін бейнелеудің, таңдай қақтыратын жаңа әдістерін ойлап тапты. Кескіндеме, кескіндеу өнері (живопись) – бейнелеу өнерінің бір түрі. Ол белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығарма өнердің барлық басқа түрлері сияқты, кескіндемеде идеологиялық және танымдық қызмет атқарады, адамға эстетикалық ләззат беретін құнды да әсем шығармалар тудырады.

Арналуына, орындалу сипатына, бейнелеріне қарай кескіндеме бірнеше топқа бөлінеді.

*Олар:*

- Монументтік сәндік кескіндеме
- Қондырғылы кескіндеме суреттер, яғни картиналар
- Сәндік суреттер

Суреттің өңін келтіретін бояулардың түрлері мен оны салу әдістеріне қарай да кескіндеме туындылары жіктеледі. Мысалы: майлы бояу кескіндемесі, фреска, секко, темпера желімді бояумен, балауызбен, сырлы бояумен салынатын суреттер. Кескіндеменің керамикалық бояумен, силикаттық бояумен салынатын тағы басқа да түрлері бар. Мозайка мен витраж да кескіндемемен ұштасады. Кескіндеме туындыларын жасауда гуашь, акварель, тушь, пастель молынан қолданылады. Сонымен қоса кескіндеме өнерінде түстерді қолдана білудің де маңыздылығын айта кету қажет. Атақты суретші Леонардо да Винчидің «Көз – сезімнің әміршісі екен, онда кескіндеме - өнер падишасы», - деген қанатты сөзінің өзі кескіндеме өнерінің қаншалықты керемет екендігін ашып бергендей [1].

Кескіндеме – бұл майлы бояумен жазылған және рамаға салынған, біз музейлерден қызықтайтын картиналар ғана емес. Кескіндеме ұғымы кең, әрі мейлінше сан алуан техниканы қамтиды. Мысалы, түрлі сулы бояулармен – темперамен, гуашьпен, акварельмен салынған живопись болады. Мұнда бәрі станоктік, яғни станокта (мольбертте) жасалатын кескіндеме. Сондай – ақ (жарықтанатын) кескіндеме шыныдан жасалған картинадан өтіп, түрлі – түсті жарық түсіретін кескіндемеде болады. Майлы бояулармен сурет салуға көптеген материал қолданылады. Суретшілер картонға немесе сызба қағазына этюдтерді жиі салады. Майлы кескіндемеге арналған материалдардың ішінде көп таралғаны – кенеп – кендірден, зығырдан жасалады.

Кескіндеме түс, сурет, сәуле мен көлеңке үйлесімділігі, композицияға мүмкіндік беру, бай бояу әлемінде жазықтықты көрсету, ауа түсі, оның тереңдігі көрсетіледі. Кескіндеме туындылары жеке бір тұлғаны, дара көріністі бейнелеп қана қоймай, күрделі сюжетпен үлкен оқиғаларды, шытырман соғыстарды да бейнелеп, олардың мәнін ашады. Нақтылы өмір шындығын кеңінен көрсетуге кескіндеме ролі орасан зор. Бұл оның көп жанрларында байқалады. Мысалы, тұрмыс – салт көріністері, соғыс жанры, т.б. «Кескіндеме сөзі өнер емес» - дейді Эжен Делакруа [2].

Кескіндеменің дамуына импрессионистер көп әсер етті. Олар өз картиналарында өмір шындығынан алған әсерлерін түстер арқылы көрсете алды. Олар қоршаған ауа кеңістігінің жарығынан әсерінен туындаған түс өзгерістерін бірден қабылдап алып отырған. Импрессионистер түс үйлесімділігінің жаңа жақтарын, әсемдігін аша білген. Импрессионистер анық түсті қабылдап және оны дәл сол қалпында картинаға түсіруді үйренген ең алғашқы кескіндемешілер болды.

**Станокты кескіндеме.** Оның өзіндік мәні мен мағынасы бар. Станокты кескіндеменің бірнеше түрі мен жанрларын атап өтуге болады. Олар: натюрморт, пейзаж, портрет, ботальды жанр, тарихи жанр, тұрмысық жанр.

**Монументалды кескіндеме.** Монументалды кескіндеменің екі түрі ажыратылған. Олар: фреска және мозайка. Италия тілінен аударғанда fresco – жаңа, masaique – музаларға арналған деген мағынаны береді.

Монументалды кескіндемеден станокты кескіндеменің айырмашылығы, ол қабырға жазықтарына емес, еркін түрде салына береді. Аталған түрлері мен жанрларынан басқа станокты кескіндеменің декрациялық түрі де бар. Ол театрлық, кинодекорациялық, костюм эскиздері, сонымен қоса миниатюралар және икона сияқты түрлерге ажыратылады.

Фреска таза штукатуркаға таза немесе әкті сумен ажыратылған бояумен салынатын кескіндеме техникасы.

Мозайка ол әр түрлі немесе бірдей тас үгінділерін әкке немесе цементке жапсырмалап жасалатын бейне.

Фреска мен мозайка монументалды кескіндеменің ертеде қалыптасқан және өзінің түсінің тұрақтылығының арқасында архитектуралық көлемдер мен жазықтықтарды әсемдегенде қолданылып келеді. Атақты монументалистердің ішінде А.А. Дейнеки, П.Д.Корина, А.В.Васнецовты атап өтуге болады.

Кескіндеменің әдебиеттен айырмашылығы әр түрлі техникада және әр түрлі материалда орындалады. Соның ішінде живописьте ең көп қолданылатын бояу түрі – майлы бояу. Майлы бояуды XV ғасырдан бастап қолдана бастаған.

Кескіндемеде жоғары жетістіктерге жетуі үшін суретші түстерді өте жақсы ажыратып, бейнелей алуы керек.

Кескіндеме жанрының түрлері:

- Портрет
- Пейзаж
- Натюрморт
- Тарихи жанр
- Тұрмыстық жанр
- Анималистік жанр
- Мифологиялық жанр
- Ботальды жанр
- Релегиялық жанр

Көптеген атақты суретшілер тек бір жанрда ғана емес, әр түрлі жанрда жұмыс істеген. Сол сияқты біздің дизайнерлер де осы жанрлардың бірнеше түрімен жұмыс жасайды. Кескіндеменің алдында уақыттың өзі кейін шегінеді деп айтсақ артық болмас еді. Басқа өнерлерге қарағанда кескіндеме өнері суретшінің қырағы көзі шалғанның бәрін мейлінше толық бере алады. Сан жүздеген жылдар бойы ол табиғаттан үйреніп, дүниені қызықты ететіннің бәрін бейнелеудің таңдай қақтыратын жаңа әдістерін ойлап тапты. Оның бейнелеу құралдары шексіз бай. Сызықтардың өте батыл жүргізілуі, бояулардың бай үндестігі, жарық пен көлеңкенің батыл, күтпеген контрасттары, бейнелеп отырған нәрсені орналастырудағы ойлы мөлшерлестік және айқын логика, қиялдың қызықты құбылмалылығының бәрі живопиське өз міндеттерін шешу үшін берілген. Сауыттарының жылтылын, жібек маталарының асқан әдемілігін, көз жанарының дымқылдануын, жас қыз денесінің нәзіктігін және ағаштардың дөрекі қабығын көзге түсетіндей етіп беру, тіс қаққан кескіндемешіге қиындық келтіре қоймайды. Кең жайылған емендердің қуатын, көктемгі аспанды, мөлдір сұр тұманды және айлы түндердің тылсым, жұмбақ әлемін, буырқанған көк теңізді, қызықты етіп, сан қырлы кескіндеме өнері ғана көрсетіп бере алады және соны күнделікті кескіндеме сабағында беруге яғни үйретуге тырысып бағудамыз [3].

Кескіндемеде түстің маңыздылығы орасан зор. Түс – көркем өнеркәсіпті және ұлттық көркем шығармаларды анық етіп көрсетудің бірден бір тәсілі. Кескіндемеге үйретудің ең басты мақсаты – болашақ суретшіні жазықтыққа, шындықтың, қоршаған әлемнің әдемілігін

түстің көмегі арқылы көріп және соны жеткізе білуге үйрету. Белгілі бір затты бейнелеу процесінде түсті және оның көптеген белгілерін сезінуі дами түседі. Кескіндемені анық етіп көрсетудің ең басты жолы түстерді қолдану болып табылады. «Әдемілік», «бояулар», «бояу» сөздері көбінде бір мағынада қолданылады. В.Дальдің анықтамалық сөздігінде «бояу – безендіру, әдемілік беру, көруге жағымды ету» - деп жазылған. Түсті қабылдау, табиғаттан адамға берілген ең ғажап сапалардың бірі. Адам көзі 200-ден аста түс белгілерін ажырата алады. Кескіндемеде түс пен қалып әрқашан байланысты, бірлікте болуы керек.

Кез келген заттың өзіне тән түсі болады. Мысалы, піскен лимон - сары, апельсин – тоқ сары, қияр – жасыл. Әр заттың табиғи түсі жарық жақсы түсіп тұрса анық көрінеді, ал егер жарық ауысқан кезде заттың түсі өзгеріп, қараңғылықта мүлдем көрінбей қалады. Яғни жарық затты және оның түсін көрнекті ете алады.

Табиғи дене түсі үш қасиеттерден тұрады.: 1) табиғи түс; 2) сәуле арқылы өзгеріске ұшыраған түс; 3) қанық немесе қанық емес түс.

Табиғи түс дегеніміз – табиғи жаратылыс түсі. Мәселен, күзгі жапырақ – сары, жер – қоңыр. Екіншісі, күн сәулесінің әсерінен өзгеріске ұшыраған түс. Өзгеріске ұшыраған түс дегеніміз – күннің әрбір мезгілде табиғи түстерінің өзгеруі. Нақтылап айтсақ, таң мезгілде ағаш көкшіл, түсте жасылға айналады, ал кешкі күн батарда сарғыш қызыл түске боялады. Қанық немесе қанық емес түс дегеніміз – біртекті түстердің бір-бірінен айырмашылығы, яғни, екі алма да қызыл түстес болып келгенмен, біреуі – ашықтау, екіншісі қанықтау келеді. Осы дене түсінің үш қасиеті кескіндеме өнерінде есте сақтайтын құнды мәселелердің бірі. Уақыт өте келе талғаммен бірге түс үйлесімділігін түсіну де өзгере түседі. Өнер өмірмен байланысты және сонымен бірге өзгеріп отырады.

Кескіндемеде қолданылатын бояу түрлері

Кескіндемеде қолданылатын материалдардың әр түрлілігі жазудың әр түрлі технологиясымен анықталады. Олар: акварель, гуашь, майлы кескіндеме, темпера, пастель, энкаустика т.б. Кескіндемеде түстің анық бейнеленуі жазу түрінен ғана емес, сонымен қоса бояудың сәйкес келуі мен жазықтыққа да байланысты [4].

Кескіндеменің әр түрлі материалдарымен, техникасымен таныс болайық.

Акварель (латын тілінен aque – су) – сумен араластырылған өсімдік желіміндегі бояу. Түсті акварельмен салынатын кескіндеме сонау Ежелгі Египетте танымал болған. Бізге ол кезден папируста және күріш қағазында салынған суретшілердің туындылары ғана жеткен. Орта ғасырларда Батыс Еуропада акварельмен шіркеулік кітаптарды безендіргенде, одан кейін миниатюралық кескіндемеде, баспа кітаптарын қолмен бояғанда қолдана бастаған. Таза акварель XV ғасырларда кеңінен қолданысқа түсе бастады. Оның сапалары – бояудың түссіздігі, түсінің тазалығы. Акварель тон байлығын және графикалық тәсілдерді өзіне біріктіреді. Акварельдің спецификалық тәсілдері – жайылу, ағу. Олар қозғалыс эффектілерін береді. Қылқаламмен орындалатын акварельде көбінде перомен және қарындашпен салынатын суреттер қолданылады. Көркем шығармашылық өнерде дизайн саласында біз акварель бояумен натюрморт және портрет салуда спецификалық тәсілдерді қолдана отырып шығармашылық дамуымызды, байлығымызды одан әрі дамыту үстіндеміз. Дизайн саласындағы кескіндемеде түстердің бір-біріне деген қатынасы, тон үйлесімділігі, сызықтағы және кеңістіктегі бояу реңінің өзгешеліктері, заттардың ерекше ұқсастығы сонымен қатар түсті портрет жанрларына қойылатын талаптарға сай етіп жасау оқу қойылымдарында көкейкесті мәселелердің бірі болып келеді. Белгілі бір мақсаттағы жарық көзінің түсуіне байланысты адам бетінің негізгі түстерін табу, түстерінің нәзіктігін жеткізе білу білімгерлерге барынша күрделі талап қояды. Сонымен қоса нұсқаның қозғалуына байланысты жұмыс барысы күрделене түседі. Кескіндемеде адам басының бейнесін салу белгілі бір программада көрсетілгендей, аудиториялық және үй тапсырмаларымен қоса сурет сабағымен тығыз байланыста жүргізіледі. Адам басының анатомиялық байланыстарын оқып-үйрену және суретін сала білу кескіндеме сабағындағы қиындықты жеңілдеті түседі. Көркемдік қайсыбір эстетика мамандары айтқандай, дүниетану талпынысының долбарлы бастапқы сатысы емес. Немесе оны — жай бір жалпылама ұғымды

бейнелі суретке қарамай көшіре салу әрекеті деп бағалауға болмайды. Көркем өнер ойшылдық өрісінің баянды бір көрінісі. Қазіргі кезде халықтың өнерге деген ынта-ықыласы анағұрлым артты. Халық шығармашылығын жаңғыртып одан әрі дамыту бүгінгі күннің көкей тесті мәселесі болып табылады. Сондықтан дизайнерлерге кескіндемені үйрену болашақта өздерінің шығармашылық дамуларына және мамандығына тікелей қажет өнер [5].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Леонардо да Винчи = Leonardo da Vinci. — М.: «Издательство АСТ» Леонардо да Винчи/Гениальный художник и ученый. Издательство «Клуб семейного досуга» — 143 с., 2002. — с. 144. — ISBN 5-17-010617-3.
2. Ситник К. А. Э. Делакруа. М.-Л., 1947. По материалам из книги "Энциклопедия импрессионизма и постимпрессионизма"/ Сост. Т.Г. Петровец. - М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2000. - 320 с.: ил.
3. <http://portal.vkgu.kz>
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. - Спб., 1863-1866.
5. Любимов. Л «Батыс Еуропа өнері» - Алматы, 1982.